

"Астана қаласының жаңа көлік жүйесі" жобасының бірінші кезегін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2013 жылғы 23 шілдедегі № 116-ө өкімі «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 10-бабының 3-тармағына сәйкес:

1. Қоса беріліп отырған «Астана қаласының жаңа көлік жүйесі» жобасының бірінші кезегін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

2 3

ш і л д е д е г і

№

1 1 6 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

«Астана қаласының жаңа көлік жүйесі» жобасының бірінші кезегін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с №	Жобаны іске асырудың негізгі кезеңдері	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5
1.	Жобаның ТЭН-ін әзірлеу	жобаның ТЭН-і	30.07.2013	Астана қаласының әкімдігі, «Астана LRT» ЖШС (келісім бойынша)
2.	Жоба ТЭН-нің сараптамасын жасау, оның ішінде:	сараптамалар қорытындылары		
	-мемлекеттік сараптама		25.08.2013	ӨДМ, «Мемсараптама» РМК (келісім бойынша)
	-салалық сараптама		26.08.2013	ККМ
	-экономикалық сараптама		28.08.2013	Астана қаласының әкімдігі, ЭБЖМ, «ЕТДО» ЖШС (келісім бойынша)
3.	Жобаның ТЭН-ін бекіту	жобаның бекітілген ТЭН-і	28.08.2013	Ө Д М , Астана қаласының әкімдігі, «Астана LRT» ЖШС (келісім бойынша)
4.	Қарыз тарту туралы мәселені РБК қарауына шығару	РБК шешімі	29.08.2013	Астана қаласының әкімдігі, ЭБЖМ

5.	Жобаның бекітілген ТЭН-іне сәйкес жобаны 2013 жылы қосымша қаржыландыруға бюджеттік өтінімді РБК қарауына енгізу	РБК шешімі	29.08.2013	Астана қаласының әкімдігі, «Астана LRT» ЖШС (келісім бойынша)
6.	«Астана қаласындағы жаңа университеттің инженерлік коммуникацияларының және жолдарының құрылысы» жобасы бойынша (Ш. Қалдаяқов көш.) ЖРК бағдарының 110-116 станциялары (Абу-Даби Плаза - жаңа теміржол вокзалы) учаскелеріндегі бұзуға немесе өтемақы төлеуге қаражат бөлу туралы мәселені қарау	РБК шешімі не ЭБЖМ қорытындысы	29.08.2013	Астана қаласының әкімдігі, ЭБЖМ
7.	«Астана қаласындағы жаңа университеттің инженерлік коммуникацияларының және жолдарының құрылысы» жобасы бойынша бұзуға және өтемақы төлеу 2013 жылғы 15 тамызға дейін жүргізілмеген жағдайда, ЖРК бағдарының 101-110 станциялары (13,6 км), 110-116 станциялары (7,3 км) учаскелеріндегі жер учаскелерін бұзу және сатып алуға өтемақы төлеу үшін 2013-2014 жылдарға арналған республикалық бюджеттен қосымша қаражат бөлу туралы мәселені қарау (АДБ шарттары бойынша)	РБК шешімі не ЭБЖМ қорытындысы	29.08.2013	Астана қаласының әкімдігі, ЭБЖМ
8.	Инженер қызметтеріне конкурс өткізу (техникалық қадағалау)	мемлекеттік сатып алу туралы шарт	10.09.2013	Астана қаласының әкімдігі, «Астана LRT» ЖШС (келісім бойынша)
9.	Жерді алу және оларды бағалау бойынша мәселені белгіленген тәртіппен қарау	Астана қаласы әкімдігінің қаулысы	04.10.2013	Астана қаласының әкімдігі
10.	Электромеханикалық жабдықтарды (жылжымалы құрам, дабыл және электрмен жабдықтау жүйелері) жеткізуге конкурс жариялау	мемлекеттік сатып алу туралы шарт	15.10.2013	Астана қаласының әкімдігі, «Астана LRT» ЖШС (келісім бойынша)
11.	ЖСҚ әзірлеу — жоба деңгейінде	ЖСҚ	15.11.2013	Астана қаласының әкімдігі, «Астана LRT» ЖШС (келісім бойынша)
12.	ЖСҚ-ға сараптама жүргізу - жоба деңгейінде	сараптама қорытындысы	12.12.2013	Ө Д М , «Мемсараптама» РМҚ
13.	ЖСҚ бекіту - жоба деңгейінде	жобаның бекітілген ЖСҚ	15.12.2013	ӨДМ, «Мемсараптама» РМҚ
14.	АДБ қарызын тарту туралы мәселені пысықтау	АДБ-мен Қарыз тарту туралы келісімге қол қою туралы Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының жобасы	21.12.2013	Қаржымині, СІМ, Әділетмині, ЭБЖМ, ККМ, Астана қаласының әкімдігі

15.	АДБ бағалауына сәйкес 2013—2014 жылдарға арналған республикалық бюджет есебінен өтемақы төлеу сомаларын түзету туралы мәселені карау	РБК не шешімі ЭБЖМ қорытындысы	31.12.2013	Астана қаласының әкімдігі, ЭБЖМ
16.	Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған конкурс өткізу	мемлекеттік сатып алу туралы шарт	15.02.2014	Астана қаласының әкімдігі, «Астана LRT» ЖШС (келісім бойынша)
17.	Қарыз туралы келісімді ратификациялау туралы Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	15.03.2014	ҚМ, ӘМ, ЭБЖМ, СІМ, Астана қаласының әкімдігі
18.	ЖСҚ әзірлеу - жұмыс құжаттамасы деңгейінде	бекітілген жұмыс құжаттамасы	1.05.2014	Астана қаласының әкімдігі, «Астана LRT» ЖШС (келісім бойынша)
19.	АДБ қарызы есебінен қаржыландырылатын құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған халықаралық конкурс өткізу	құрылыс-монтаждау жұмыстарына арналған шарт	15.06.2014	«Астана қаласының әкімдігі, «Астана LRT» ЖШС (келісім бойынша)
20.	Электромеханикалық жабдықтарды (жылжымалы құрам, дабыл және электрмен жабдықтау жүйелері) жеткізу	қабылдау-тапсыру актісі	30.06.2016	Астана қаласының әкімдігі, «Астана LRT» ЖШС (келісім бойынша)
21.	Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу	орындалған жұмыстардың актісі	30.12.2016	Астана қаласының әкімдігі, «Астана LRT» ЖШС (келісім бойынша)
22.	АДБ қарызы есебінен қаржыландырылатын құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу	орындалған жұмыстардың актісі	30.12.2016	Астана қаласының әкімдігі, «Астана LRT» ЖШС (келісім бойынша)
23.	Жүйені тестілеу	жүйені тестілеу актісі	30.04.2017	Астана қаласының әкімдігі, «Астана LRT» ЖШС (келісім бойынша)
24.	Жүйені пайдалануға беру	пайдалануға беру актісі	30.05.2017	Астана қаласының әкімдігі, «Астана LRT» ЖШС (келісім бойынша)

Ескертпе:	аббревиатуралардың	толық	жазылуы:
Қаржымині	- Қазақстан Республикасы	Қаржы	министрлігі
Әділетмині-	Қазақстан Республикасы	Әділет	министрлігі
ЭБЖМ -	Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау	министрлігі	
СІМ	- Қазақстан Республикасы Сыртқы істер	министрлігі	
КҚМ	- Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация	министрлігі	
ӨДМ	- Қазақстан Республикасы Өңірлік даму	министрлігі	
«Астана LRT» ЖШС	- «Астана LRT» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі		

«Мемсараптама» РМК - Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» республикалық мемлекеттік кәсіпорны «ЕТДО» ЖШС - «Елорданы тұрақты дамыту орталығы» жауапкершілігі шектеулі с е р і к т е с т і г і

А Д Б	-	А з и я	Д а м у	Б а н к і
РБК	-	Республикалық	бюджет	комиссиясы
ТЭН	-	техникалық-экономикалық		негіздеме

ЖСҚ - жобалау-сметалық құжаттама

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК